

1997 жылдың өнімінен мемлекеттік ресурстарға астық сатып алу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 24 наурыздағы N 401

1997 жылдың астық пен оның ұқсатылған өнімдерінің мемлекеттік ресурстарын молықтыру және жаңарту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді :

1. 1997 жылдың өнімінен мемлекетке астық сатып алушың қоса беріліп отырған
Бағдарламасы **мақұлдансын**.

2. 1997 жылдың өнімінен мемлекеттік ресурстарға 187 мың тонна көлемінде астық сатып алу "Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы" жабық акционерлік қоғамына екі траншта: біріншісі кесте бойынша сәуір айында - 1 млрд. теңге сомасында, екінші кесте бойынша 1997 жылдың маусым-шілде айларында - 1 млрд. теңге сомасында республикалық бюджеттен бөлінген қаражат есебінен 2 (екі) млрд. теңге сомасында жүргізілсін.

3. "Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы" жабық акционерлік қоғамы:

1997 жылдың өнімінен мемлекеттік ресурстарға астық сатып алуға қатысу құқығына арналған әр облыс бойынша астық компаниялары арасында тендер өткізсін;

1997 жылдың өнімінен мемлекеттік ресурстарға астық беру үшін екінші дәрежелі банктер кепілдігімен тендер женімпаздары - астық компанияларымен шарт жасауды
қамтамасыз **етсін**.

4. **Былай деп белгіленсін:**

Астық компаниялары мемлекеттік ресурстарға беру үшін ағымдағы жылды кепілді өнім өсіруді қамтамасыз ете алатын аудандар мен шаруашылықтарға астық сатып алу
өтінімін **орналастырады** ;

астық компаниялары жанар-жағар материалдарды, тұқымды, техниканы, жабдықтарды, босалқы және жинақтаушы бөлшектерді, өсімдіктерді, химиялық қорғау құралдарын, тыңайтқыштарды және басқа да материалдарды мемлекеттік астық сатып алуға беріп тұруға өз бетінше шарттар жасасады.

**ЕСКЕРТУ. 4-тармақ өзгертілді - ҚРУ-нің 1997.05.28. N 894
қаулысымен.**

P970894_

5. "Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы" жабық акционерлік

қоғамы, Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі, облыстар мен аудандардың әкімдері мемлекеттік ресурстарға бұрын берілген астық несиелерін 1997 жылы толықтай қайтаруды және астық жөніндегі басқа да берешектерді 1997 жылдың 1 желтоқсанынан кешіктірмей өтеуді қамтамасыз етсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1997 жылғы 24 наурыздағы
N 401 қаулысымен
мақұлданған

1997 жылдың өнімінен мемлекетке астық
сатып алу
БАҒДАРЛАМАСЫ

1. "Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы" жабық акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Корпорация) астық пен оның ұқсатылатын өнімдерінің мемлекеттік ресурстарын молықтыру және жаңарту мақсатында 1997 жылдың өнімінен есептеу салмағы 187 мың тонна көлемінде астық сатып алуды жүзеге асырады. Астық сатып алу республикалық бюджеттен бөлінетін қаражат есебінен 2 (екі) млрд. теңге сомасында екі траншта: бірінші кесте бойынша сәуір айында - 1 млрд. теңге сомасында, екінші кесте бойынша 1997 жылдың маусым-шілде айларында - 1 млрд. теңге сомасында жүзеге а с ы р ы л а д ы .

2. Сатып алу бағалары есептеу салмағындағы астықтың 1 тоннасы үшін: 3-сыныпты жұмсақ бидай үшін - 130 АҚШ долларынан, тұқымдық мақсаттарға арналған жаздық бидай үшін - 195, 1-сыныпты қарақұмық үшін - 160, 2-сыныпты күріш үшін - 190, қара бидай үшін (А тобы) -

125 АҚШ долларының жоғары емес мөлшерде желілі элеваторларда дайындаушыларға сақтауға алу сәтінде, қосылған құнға салынған салықты ескере отырып белгіленеді. Басқа дақылдардың, сорттардың және басқа да сападағы астықтың сатып алу бағаларын корпорация Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігімен бірлесіп айқындауды.

3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің облыстар бойынша
1997 жылдың өнімінен мемлекеттік ресурстарға азықтық астық сатып алу
жөніндегі ой-ниеті:

(мың тонна)

| | | | | | | | |
|--|---------------|--|--|--|--|--|--|
| Сатып | Соның ішінде | | | | | | |
| алу | | | | | | | |
| көлемі, 3-сыныпты жұмсақ 2-сыныпты 3-сынып. қара | | | | | | | |
| бар. бидай сорттары күріш ты қара. бидай | | | | | | | |
| лығы | құмық А тобы | | | | | | |
| барлығы олардың | | | | | | | |
| ішіндегі | | | | | | | |
| тұқымдар | | | | | | | |

| | | | | | | | |
|------------------------|-----|-----|----|---|---|---|---|
| Ақмола | 45 | 45 | 5 | - | - | - | - |
| Шығыс Қазақстан | 13 | - | - | - | 8 | 5 | |
| Көкшетау | 38 | 38 | 5 | - | - | - | - |
| Қостанай | 56 | 56 | 10 | - | - | - | - |
| Қызылорда | 5 | - | - | 5 | - | - | |
| Солтүстік Қазақстан | 30 | 30 | 20 | - | - | - | |
| Жиыны | 187 | 169 | 20 | 5 | 8 | 5 | |

4. Корпорация комиссия құрамын белгілейді және 1997 жылғы өнімнен мемлекеттік ресурстарға астық сатып алуға қатысу құқығына арналған әр облыстың астық компаниялары арасында тендер өткізеді.

5. Корпорация мемлекеттік ресурстарға астық беру үшін тендер жеңімпаздары - астық компанияларымен шарт жасайды. Тендерде жеңіп шыққан компаниялар 1997 жылдың өнімінен мемлекеттік ресурстарға астық беру үшін ауыл шаруашылығы тауар өндірушілермен дербес, сондай-ақ франко-вагон шарттарында мемлекетке астық сатып алғанда республиканың мұнай өндіретін және мұнай өндейтін кәсіпорындарымен жанар-жағармай материалдарын алуға арналған шарт жасайды. Корпорация осы шарттарға сәйкес көрсетілген мұнай өнімдеріне ақы төлейді.

Тендер шарты бойынша Корпорация белгілеген желілі элеваторларға тарату арқылы және сонымен бір мезгілде Корпорация мен элеваторлар арасында оны сақтауға

арналған шарт жасай отырып, астық шарт талаптарына сәйкес 1997 жылдың 1 желтоқсанынан кешіктірілмей Корпорацияға қайта тіркелуі тиіс.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК